

Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы зауыт-ВТУЗ-ды Қарағанды металлургия институты етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 наурыз 1993 ж. N 221

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы зауыт-ВТУЗ-ды Қарағанды металлургия институты етіп қайта құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жоғары оқу

орнының республиканың металлургия өнеркәсібінің инженер кадрлары жөніндегі қажетін қанағаттандырарлықтай құрылымы мен мамандықтар номенклатурасын белгілесін.

Қарағанды облыстық әкімшілігімен бірлесіп Қарағанды металлургия институтының материалдық-техникалық жасақталуын нығайту және кадрлар әлеуетін дамыту жөнінде нақты шараларды көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрі